

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ҚЫЗМЕТТІҢ АШЫҚТЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ, АЛЫНҒАН АҚПАРАТТЫҢ ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІГІ МЕН СЕІМДІЛІГІН, АҚПАРАТТЫ ӨНДЕУ ЖЫЛДАМДЫҒЫН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН, МҰНЫҢ БӘРІ ДҰРЫС БАСҚАРУ ШЕШІМДЕРІН ҚАБЫЛДАУ ҮШІН ҚАЖЕТ. ОСЫ ЦИФРЛАНДЫРУ ШЕҢБЕРІНДЕ ПАВЛОДАР МАГИСТРАЛЬДЫҚ ЖЕЛІ БӨЛІМШЕСІНДЕ ЖОЛ, СОБ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС, ЭЛЕКТРМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРЛЕНДІРУ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫНА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ЖӘНЕ ЖӨНДЕУДІ БАСҚАРУДЫҢ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ЖҮЙЕСІ ЕНГІЗІЛІП ЖАТҚАНЫН АЙТАР ЕДІК. ОЛ ЖҰМЫСТАРДЫ ЖОСПАРЛАУ, ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫ АҒЫМДЫҚ КҮТІП ҰСТАУ, ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ЖӨНДЕУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ ПРОЦЕСТЕРІН ЦИФРЛАНДЫРАДЫ.



Сәкен РАХМЕТОВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы –
Магистральдық желі дирекциясының директоры



№104 (3034)
10/12/2024

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ӨНДІРІС ҚАУІПСІЗДІГІ – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

ҚТЖ-да VI өндірістік қауіпсіздік форумы еңбек қауіпсіздігінің өзекті мәселелерін талқылау және өндірістік жарақаттардың алдын алу үшін жаңа технологияларды енгізу мақсатында ұйымдастырылды. Форумға «Самұрық-Қазына» АҚ, Австрия темір жолы, «KEGOC» АҚ, WABTEC өкілдері, сондай-ақ ҚТЖ басшылығы, еңбек қорғау жөніндегі мамандар және Директорлар кеңесінің мүшелері қатысты.

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Форумда алдын алу шараларының маңыздылығы және олардың өндірістік жарақаттарды азайтудағы рөлі талқыланды. ҚТЖ-да кәсіби тәуекелдері бар процестер мен қызметті басқару жүйесі ISO 45001 сертификатының талаптарына сәйкес келетіні атап өтілді. Адам фактор және оның өндірістік қауіпсіздікке әсері мәселесіне ерекше назар аударылды. ҚТЖ-да 50 мыңнан

нысты. Осыған байланысты кадрлардың біліктілігін арттыру және еңбек қауіпсіздігі мәдениетін дамыту теміржол саласы үшін басымдыққа айналды.

Өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға және ұжымдарда қауіпсіз жұмыс істеуге дұрыс психологиялық көңіл-күйді қалыптастыру үшін тренингтерді ішкі тренерлер, яғни компания кәсіпорындарында өндірістік жарақат алған қызметкерлер жүргізеді, мұндай тренингтер жүйелі түрде жүргізіледі және корпора-



болдырмау үшін абай болу және қауіпсіздік шараларын сақтаудың маңыздылығын атап өтеді. Бұл кездесулер жұмыстың әр кезеңінде қауіпсіздік ережелерін сақтау қаншалықты маңызды екенін еске салады.

Сондай-ақ 2024 жылы қызметкерлердің біліктілігін арттыру бағдарламасы аясында «Үздіктер алаңы» магистральдық желісі дирекциясы мен вагон шаруашылығы қызметкерлеріне арналған даму бағдарламаларын қоса алғанда

түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Маңызды жобалардың бірі желілік деңгейдегі қызметкерлерге оқыту курстарын ұсынатын «Білім экспресі» көшпелі мектебі болды. Өндірістік қауіпсіздік жөніндегі форум еңбек қауіпсіздігі және өзекті қорғау саласында ерекшеленген мамандарды марапаттаумен аяқталды. Іс-шара аясында еңбек қауіпсіздігі және өндірістік қорғау саласындағы соңғы жетістіктердің көрмесі өтті. Форумға қатысушылар

техникалық шешімдермен, жеке қорғаныс құралдарымен (ЖКҚ), медициналық жабдықтармен, сондай-ақ жаңа VR-технологиялармен танысты.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ өндірістік қауіпсіздік және экология департаменті ұйымдастырған маңызды форумды «Самұрық-Қазына» АҚ әлеуметтік-еңбек қатынастары мен еңбек қорғау, корпоративтік басқару жөніндегі басқарушы директоры Гибрат Ауғанов сөз сөйлеп ашты.

(Жалғасы 2-бетте)



астам жұмысшы ауыр және зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейді. Өндірістегі оқиғалардың шамамен 80%-ы адам қателіктерімен байла-

тивтік қауіпсіздік мәдениетінің маңызды бөлігіне айналады. Кездесулердегі тәжірибелік жаттықтырушылар жұмыс орнындағы қайғылы оқиғаларды



Айдос ТУРГАЛИЕВ,
начальник РЦУП-2 Алматы.

Проект

ТАМОЖЕННЫЕ ПРОЦЕДУРЫ СОКРАЩЕНЫ

На границе Казахстана с Китаем автоматизирован процесс декларирования таможенного транзита грузов, следующего по Транскаспийскому международному транспортному маршруту. Компания Global DTC совместно с АО «KTZ Express» запустили цифровую платформу Tez Customs.

Асель ШАЙХИНОВА,
Астана

Внедрение Tez Customs позволило перейти к безбумажному документообороту и сократить время прохождения таможенных процедур до 30 минут с момента прибытия поезда на приграничную станцию.

Платформа включает предварительную подготовку документов, автоматическую регистрацию и выпуск транзитных деклараций. Это позволяет оптимизировать логистические процессы, повысить прозрачность всех этапов оформления и существенно сократить время таможенных операций.

Благодаря совместным усилиям Комитета государственных доходов Министерства

финансов Республики Казахстан, АО «Национальная компания «Қазақстан темір жолы»» и компании Global DTC с мая 2024 года Tez Customs полностью автоматизировала процесс оформления транзитных грузов по маршруту Китай – Центральная Азия в направлении Алтынколь – Сарыағаш. В октябре 2024 года сфера применения платформы была расширена на Транскаспийский международный транспортный маршрут.

За время работы платформы по маршруту Китай – Центральная Азия через платформу автоматизировано оформление более 54 тысяч транзитных деклараций, на ТМТМ – свыше пяти тысяч деклараций.

Отметим, Global DTC, разработчик и опе-

ратор платформы DTC – технологическая компания из Сингапура с ресурсами как в Сингапуре, так и в Центральной Азии. Global DTC является членом группы PSA. В свою очередь PSA International – ведущий мировой портовый оператор и надежный партнер в цепочке поставок для участников грузовых перевозок. Портфель решений PSA для портов и грузовых перевозок включает более 60 глубоководных, железнодорожных и внутренних терминалов в более чем 170 точках в 45 странах, включая два флагманских портовых предприятия в Сингапуре и Бельгии, а также аффилированные предприятия в сфере управления цепочками поставок, логистики, морских и цифровых услуг.

АСТЫҚ ТАСЫМАЛЫ: ЖЕТКІЛІКТІ РЕЗЕРВ БАР

Биыл қыркүйектен қарашаға дейін ҚТЖ арқылы 3,7 миллион тонна жаңа өнім тасымалданды, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 45% көп. Ел ішінде тасымалдау көлемі 29%-ға, яғни 800 мың тоннаға дейін ұлғайды, экспорт 51%-ға, яғни 2,9 млн тоннаға дейін өсті.

Ұлан ОРАЗ,
Астана

Мұндай мәліметтерді Астанада өткен астық форумында «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Интеграцияланған жоспарлау дирекциясы» филиалы директорының орынбасары Ғани Есенбаев келтірді.

Айтудыңа, Орталық Азия елдеріне 1,6 млн тонна тасымалданып, бұл өткен жылмен салыстырғанда 35%-ға артқан. Оазис, Болашақ және Сарыағаш сияқты негізгі өткізу пункттерінің тасымалдау үшін жеткілікті резервтері бар. Ақтау порты арқылы Иранға 356 мың тонна тасымалданған, бұл өткен жылмен салыстырғанда 25 есе көп. Оң тенденцияларға қарамастан Қытай бағытындағы тасымалдардың біршама төмендегені байқалады. Оған Қытай тарапындағы тексеру алаңдарының шамадан тыс жүктелуі, сондай-ақ сапаны қосымша тексеруге байланысты қазақстандық астықты қабылдау бойынша шектеулер себеп болуда екен.

«Қытай кеден органдарымен проблемаларды шешу үшін көлік, ауыл шаруашылығы, қаржы министрліктеріне, сондай-ақ Мемлекеттік кірістер және мемлекеттік инспекция комитеттеріне, «Атамекен» ҰКП және басқа да мүдделі ұйымдарға өтініштер жолданды. Жалпы, 3 жыл ішінде ҚХР-ға астық тасымалының 5 есе өскенін атап өткен жөн. Қытай тарапынан астық жүктерін түсіру бойынша барлық инфрақұрылым белгілі бір шекте жұмыс істейді және Қазақстан тарапынан үлкен көлемге есептелмеген», – деп атап өтті Ғани Есенбаев.

Процесті оңтайландыру үшін ҚТЖ жолаушылар және жүк пойыздарының үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ете отырып, астық тасымалдаушылардың жүктемесін белсенді реттейді. Астық қарқынды жөнелтілетін өңірлер бойынша компанияның орталық аппаратында арнайы астық топтары, яғни штаб жұмыс істейді, олар күн сайын тасымалдау жағдайын бақылайды.

Логистиканы жақсарту және тасымалдау тиімділігін арттыру мақсатында «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС локомотивтер паркі айналыста жаңартылды. 2024 жылы 183 локомотив сатып алынды, күзгі кезеңде Есіл, Тобыл, Құсмұрын және Қостанай сияқты негізгі станцияларда маневрлік

локомотивтер саны қосымша ұлғайтылды. Үздіксіз жұмысты қамтамасыз ету үшін Қостанай өңіріне еліміздің басқа өңірлерінен қосымша локомотивтер көшірілген. Жалпы, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-де 1635 локомотив бар.

Қараша айында Ресейге және Балтық елдеріне экспорттау үшін Ресейден 1000-нан астам астық тасымалдаушылар тартылып, олар астықты порттарға және көрші елдердің нарықтарына тасымалдау үшін белсенді пайдаланылды. Астық тасымалдаушыларға сұраныстағы маусымдық ауытқулар мәселесін шешу үшін жыл бойы вагондар паркін ұтымды пайдалануға бағытталған кешенді шараларды әзірлеу ұсынылады. Бұл үдерісте мемлекеттік органдар, ҚТЖ, жүк жөнелтушілер және салалық қауымдастықтар маңызды рөл атқарады.

ҚТЖ өкілі экспорттық жеткізілімдердің өсуін және астық тасымалына сұраныстың маусымдық ауытқуын ескере отырып, компания техникалық мүмкіндіктері мен астық тасымалының логистикасын жетілдіріп, инфрақұрылымын дамытуды жалғастыратынын жеткізді.

В ПУТИ В ЛЮБУЮ ПОГОДУ

Более 12 тысяч кубометров снега убрано работниками АО «НК «ҚТЖ» по Казахстану с начала снегорья.

Традиционно в северных регионах нашей страны снег выпал задолго до начала календарной зимы, поэтому старт снегорья на железной дороге в этом году пришелся на 9 ноября.

Для обеспечения бесперебойного движения поездов в очистке станционных путей и стрелочных переводов в Акмолинском, Карагандинском, Костанайском, Семейском и Павлодарском отделениях магистральной сети были задействованы 23 965 монтеров пути, из них в дневную смену – 13 129 человек и 10 836 – в ночную.

На помощь путейцам привлеклась и специализированная техника. Так, с 9 ноября по 6 декабря снегоочистительными машинами типа СДПМ осуществлено 28 выездов, при этом очищено 2 378 километров пути, снегоуборочные машины типа СМ привлекались к снегоборьбе 17 раз (50 рейсов), при этом убрано 12 720 кубометров снега.

Оперативные и слаженные действия железнодорожников в очередной раз закрепили за поездками звание самого надежного вида транспорта в условиях непогоды.

Любовь РОББА



ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ АЯСЫНДА

Қазақстан географиялық орналасу тұрғысынан алып экономикасы бар алпауыт екі елдің – Қытай мен Ресейдің, оның ар жағында Еуропа елдерінің арасында жатыр. Осындай ірі мемлекеттермен шекаралас жатқан Қазақстанның үлкен транзиттік хабке айналу мүмкіндігі мол.

Жалпы, ел аумағы арқылы 15 халықаралық дәліз өтеді. Оның бесеуі – теміржол дәліздері. Қазақстанда 16 мың км теміржол болса, 2029 жылға дейін соның 11 мыңы күрделі жөндеуден өтеді, әзірге 2800 км жөндеуді. Аталған мерзім ішінде Қазақстанда жалпы 5 мың км теміржол салу жоспарланған. Сонымен қатар 184 станцияны қайтадан жаңғырту көзделуде.

Теміржол көлігі саласын дамытудың 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасы аясында жүзеге асырылып жатқан жұмыстар туралы жуырда ҚР Көлік министрлігінің өкілдері отандық телеарнаға сұхбат беріп, осындай мәліметтермен бөлісті.

– Көлік министрлігінің алдында Қазақстанды ірі транзиттік хабке айналдыру міндеті тұр. Ол үшін бізге біріншіден мықты инфрақұрылым керек, екіншіден, вагондар мен локомотивтер жеткілікті мөлшерде болуы қажет. Одан басқа барлық шетелдермен түйіспе нүктелері де ауқымды жүк тасымалына дайын болуы тиіс. Бүгінде бұл бағытта ауқымды жұмыстар жүріп жатыр. Жалпы транзит көлемі жылдан жылға өсіп келеді. Биылғы жылдың өзінде 27 млн тонна транзиттік жүк тасымалданады деп отырмыз, бұл соңғы 10 жылға қарағанда екі есе артық. Ал контейнерлік транзит 5 есе артық. Ал қойған жоспар бойынша транзиттік жүктерді жылғына 45 млн тоннаға дейін, ал контейнерлік тасымалды 2 млн тоннаға жеткізу көзделуде, – дейді министрліктің теміржол және су көлігі комитеті төрағасының орынбасары Нұржан Келбұғанов.

Сонымен қатар спикер локомотив шаруашылығының тозуы 2-3 жылда қатты байқалғанын, сол үшін биылдан бастап локомотив сатып алу қарқыны арттырылғанын жеткізді. Осы жылдың өзінде 185 локомотив алынды, келесі жылы тағы сонша, алдағы 5 жылда 700-ден астам локомотив сатып алынады. Бүгінде вагон жетіспеушілігі жойылды деуге болады. Қазақстанда 139 мың вагон бар, жылдан жылға вагондар паркі жаңартылып, саны да артып келеді.

Нұрай СӨРСЕНҒАЛИ

НАША ОСНОВНАЯ ЗАДАЧА – ОБЕСПЕЧЕНИЕ КОНТРОЛЯ ЗА ДВИЖЕНИЕМ ПОЕЗДОВ, ПОВЫШЕНИЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ И БЕЗОПАСНОСТИ ТРАНСПОРТНЫХ ПРОЦЕССОВ. СОЗДАНИЕ РЦУП-2 ПОЗВОЛИЛО ОПТИМИЗИРОВАТЬ РАБОТУ ДИСПЕТЧЕРСКИХ КРУГОВ, СОКРАТИТЬ ВРЕМЯ НА ПРИНЯТИЕ РЕШЕНИЙ И УЛУЧШИТЬ КАЧЕСТВО ОБСЛУЖИВАНИЯ КЛИЕНТОВ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ ОТРАСЛИ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

2025 ЖЫЛЫ ҚТЖ ЖЕЛІСІ
БОЙЫНША

566 км

ЖОЛҒА КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ
ЖҮРГІЗІЛЕДІ.

ҚЫС МАУСЫМЫНДА ТЕМІР
ЖОЛДЫ ҚАРДАН ТАЗАЛАП,
ҚАР ЖИНАЙТЫН

275

БІРЛІК ТЕХНИКА
ДАЙЫНДЫҚ САПЫНДА ТҮР.

БИЙЛ ҚАЗАҚСТАННАН
ИРАН БАҒЫТЫНА

356 мың тонна

АСТЫҚ ТАСЫМАЛДАНҒАН.

АЛҒЫС ХАТПЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Сұлғұл БАКЕСОВА,
Астана



Өткен жұмада «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы бойынша жұмыстарын қорытындылап, бұл іс-шараға белсенді қатысқан бөлімшелерді алғыс хатпен марапаттады.

– «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС филиалдарында экологиялық мәдениетті қалыптастырып, тазалықты сақтауға аударту мақсатында мемлекет басшысының бастамасын қолдай отырып, апта сайын «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын өткізіп келдік. Акция шеңберінде 498 156 шаршы метр әкімшілік-тұрмыстық және өндірістік нысандар аумақтары қоқыстардан тазартылды. Сонымен қатар «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бойынша барлығы 11 504,65 кг макулатура, 454 кг пластик, 3934 кг аккумуляторлық батарея, 2456,4 кг ортехника жиналып, сұрыпталып, кәдеге жаратылды. Ағаш отырғызу іс-шарасы бойынша барлығы 2192 ағаш егілді. Бұдан бөлек, қызметкерлер жұмыс орындарын күн сайын жинап, жеке заттар мен жалпы инвентарді сақтау бойынша ережелерді ұстанды, – деді «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Өндірістік қауіпсіздік және экология департаментінің менеджері Светлана Сыдықова.



Серіктестіктің бас инженері Марлен Көкірекбаев «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына белсенді қатысып, сүбелі үлес қосқан Павлодар, Қарағанды, Алматы, Қызылорда жүк тасымалы бөлімшелері мен Илеқк станциясы ұжымдарын алғыс хаттармен марапаттады. Биыл бірінші рет Компания қызметкерлері арасында қоршаған ортаны қорғау бойынша корпоратив деңгейдегі олимпиада өтіп, оған «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС мамандары да қатысқан болатын. Осы олимпиадада Ақмола ЖТ бөлімшесіне қарасты ТЧЭ-10 экологы Әсел Тұрлыбаева бірінші, Жамбыл ЖТ бөлімшесіне қарасты ТЧЭ-32 маманы Гүлдана Хұсайынова екінші орынды иеленіп, «Адал еңбек» медалімен марапатталса, Семей вагон депосының экологы Қайрат Сәдуақасов Алғыс хат алды.

Суретті түсірген автор

АҚАУСЫЗ ЖҰМЫС

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда



Қызылорда магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Қызылорда электрмен жабдықтау дистанциясы бөлімшесінің оңтүстігіндегі Түркістан станциясынан бастап Жосалы бекетіне дейінгі телім бойындағы теміржол нысандары мен жергілікті тұрғындарды электр қуатымен қамтамасыз етеді.

Дистанцияның бас инженері Әлім Төлегенов жыл басынан бері пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін арттыруға, салалық нысандарға электр қуатын кідіріссіз беруге бағытталған жұмыстарға шолу жасады.



– Жыл басынан бері пойыздық және маневрлік жұмыстар кезінде оқыс оқиға, инцидент орын алуына жол берілмеді. Жалпы дистанция телімдеріндегі СОБ, КТСМ және АЛСН құрылғыларын электр қуатымен қамтамасыз ету және ВЛ-10кВ, РП, ТП, ВЛ-0,4кВ, КТП, ЦРП, РПК, РПП-10кВ секілді электр желілеріне, бағаналары мен құрылғыларға ағымдық жөндеу, техникалық күтім шараларын жүргізу шаралары кінәратсыз, ақаусыз атқарылуда. Биыл 494,1 шақырымдық СОБ желілері ағымдық жөндеуден өткізіліп, 59 дана ағаш бағана, 40 дана темірбетон бағаналар ауыстырылып, жаңартылды. 281 дана ОМ трансформаторы жөнделіп, КЛ-0,4 кв қуаттылығындағы электр желісінің 0,2 шақырымы, КЛ-10 кв желінің 0,3 км аумағы жаңартылды. Теміржол нысандарын қажетті электр қуатымен жабдықтау жұмысы тәулік бойы бақылауда болады. Әр айға белгіленген жоспарлы жұмыстар дер уақытында атқарылып жатыр. Электромеханиктер Сағындық Қуандықов, Жайылхан Сейітов, электромонтерлер Дархан Иниязов пен Нұрболат Шермағанбет секілді өз ісінің мамандары еңбек ететін телімдер мінсіз деп айта аламын, – дейді бас инженер Әлім Төлегенов.

Электр кернеуімен түрлі деңгейдегі желілерде жұмыс жасау кез келгеннің қолынан келе бермейтіні рас. Ол үшін арнайы рұқсат болуы шарт. Міне, осындай қауіпті аймақтағы қауіпті жұмыстар атқарушылар желі бойын жағалап, электр күшінің үзіліссіз таратылуын қамтамасыз етіп отырған қызылордалық дистанция еңбеккерлері қысқа толық дайындықпен келді. Ең басты ұстаным – ақаусыз жұмыс.

Суретті түсірген автор

ӨНДІРІС ҚАУІПСІЗДІГІ – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Темір жол көп жылдық тарихы бар үлкен сала ғана емес, сонымен қатар қауіпсіздік маңызды рөл атқаратын көліктің ең күрделі әрі жауапты түрі. Күн сайын мыңдаған жұмыскерлер станциялар мен жолдарда еңбек етеді. Олардың жұмыс барысындағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қауіпсіз еңбек жағдайын жасау, қауіп-қатерлерді азайту – біздің ортақ міндетіміз. Биыл ҚТЖ-да 25 жұмыскер қайғылы жағдай салдарынан зардап шекті. Оның тоғызы қаза тапты. Бірлескен күш-жігердің арқасында ғана өндірістік жарақаттар мен апаттар санын азайтуға, жұмыс тиімділігін арттыруға, еңбек жағдайын жақсартуға болады. Қауіпсіздік – тек ереже жиынтығы ғана емес, оның күнделікті әдетке айналуы маңызды, – деді Г.Ауғанов.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ бас инженері Рамазан Садырқұлов, «ҚТЖ» ҰК» АҚ тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің мүшесі

Александр Ширхубер, «ҚТЖ» ҰК» АҚ өндірістік қауіпсіздік және экология департаментінің директоры Әділбай Семенов компаниядағы өндірістік қауіпсіздік мәселелерін шешу, өндірістік жарақаттанушылық профилактикасы шараларының тиімділігін арттыру туралы баяндады. Ал компанияның Адами ресурстарды басқару департаментінің директоры Әлихан Қыраубаев теміржолдағы өндірістік қауіпсіздік және адами фактор, кадрлар біліктілігін арттырудың негізгі аспектілері тақырыбында баяндама жасады. Форум қатысушыларының назарына жұмыс барысында қауіпсіздік талаптарын сақтамау салдарынан көз жұмған теміржолшылар туралы арнайы бейнеролик көрсетілді. Іс-шара соңында бірқатар қызметкерлер «Адал еңбегі үшін», «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін», «Кәсібі бойынша үздік» төсбелгілерімен, Құрмет грамоталары және Алғыс хаттармен марапатталды.

Солардың бірі – Маңғыстау



вокзалы бастығының кезекші көмекшісі Әлия Нұрымова қызмет барысында бір жолаушының өмірін аман сақтап қалғаны үшін марапат алды.

– Вокзалда ауысымдық жұмыста жүргендіктен, түрлі жағдай болады. Бірде түнгі ауысымда пойызын күтіп отырған үлкен кісі маған келіп, өзін нашар сезініп тұрғанын айтты. Деруе жедел жәрдемге қоңырау шалып, оған дейін өзіміздің медицина мамандарын шақырттым. Қан қысымы көтеріліп кеткен екен, медбике тілінің астына дәрі салып, жағдайын жасадық. Өзі емделуге бара жатқан кісі екен. Жедел

жәрдем келгенде инсульттің белгісі басталып тұрғанын айтып, бірден жүрегін ЭКГ-ға түсіріп, баласын шақырып, ауруханаға алып кетті. Өзім темір жолда 17 жылдай еңбек етіп келемін, соның ішінде вокзалда 2008 жылдан бері жұмыс істеймін, – деді атақты Нұрымовтар әулетінің мүшесі.

Одан әрі форум «Тәуекелдерді басқару: ЕНС мәдениетті дамытуға арналған тиімді стратегия» және «Өндірістік қауіпсіздік саласындағы тәуекелдерді басқару» тақырыптарында панельдік сессияларымен жалғасты.

Суреттерді түсірген Олжас АХМЕТОВ

ПОЙЫЗДАРДЫ ӨНДЕУ КӨРСЕТКІШІ АРТҚАН



АЙМАҚ

Статистикалық көрсеткіштерге көз жүгіртсек, Сарыағаш станциясында жүк қабылдап-жөнелту процесі соңғы 10 жылда екі есе өскен. Айталық, 2014 жылы тәулігіне 15 пойыз қабылдап-өткізілген болса, биылғы жылдың он бір айында атқарылған жұмыстың орташа тәуліктік көрсеткіші 27-28 пойызды құрап отыр.

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Түркістан

Мемлекетаралық жүк тасымалында стратегиялық маңызы жоғары Сарыағаш станциясында 2022 жылдың шілде айынан бері жылжымалы құрамдарды жоғары дәлдікпен түсіре алатын камералармен бақылау жүйесі іске қосылған. Бір ерекшелігі, бұл пойыздарды жүріп бара жатқан сәтінде-ақ тұнық күйде таспаға жазып үлгеріпін сапалы құралдар. Нәтижесінде станциядағы жүк вагондарын өңдеу көрсеткіші едәуір өскен. Яғни бұрынғы 2,5 сағаттың орнына 2 сағат 10 минутқа, тіпті кейбіреулері 1 сағат 10 минутқа дейін қысқарған.

– Мұндай табысқа бейнебақылау камерасын іске қосу арқылы қол жеткіздік. Яғни бұрын пойыздардың төбесіндегі 27 мың вольттық электр кернеуін сөндіріп, вагондарды тексеріп, желіге қайта қосу үшін 40-50 минут уақыт кететін болса, қазір оны сөндірмей-ақ тексере аламыз. Яғни вагон төбесіндегі қақпа пен оның пломбасын, жалпы оның тұтастығы мен бүтіндігін тексеруді камера арқылы жүргіздеміз. Соның арқасында жү-

мыс өнімділігі еселенді, – дейді станцияның бас инженері Сәкен Әміров.

Негізінен жылжымалы құрам станция аумағына кірген кезде, операторлар әрбір вагонның нөмірін жазып алып, журналға тіркеуге міндетті. Ал ол деректер АБЖ – автоматты басқару жүйесіне енгізілген дерекпен сәйкес келуі тиіс. Ал енді оны тіркеу үшін станцияның технологиялық орталық операторының функционалдық міндеті төмендегіше тізбектеледі. Оның станция ғимаратынан пойыз тоқтаған жолға барып-келгеннен бөлек, жылжымалы құрамды жағалай бастан-аяқ жүріп, көзбен бақылап шығуы тиіс. Енді ең қысқа вагон ұзындығы 14 метр деп алсақ, 59 вагоннан құралған пойыздың жалпы ұзындығы 826 метрге созылады.

– Қазіргі кезде біз бұл қызметті кабинетте отырып-ақ, экрандағы таспаны кідіртпін немесе артқа-алға жылжыту арқылы іске асырып келеміз. Вагон нөмірін журналға тіркеп, салыстыруда мұны технологиялық жетістік деп айтуға лайық, – дейді станция операторы Маржан Бәдір.


Озық үлгі санатына жататын бұл техно-

логия Сарыағаш станциясында соңғы жеті жылдан бері қолданылып келеді. Осылайша мұнда еңбек қауіпсіздігі сақталудан бөлек, уақытты тиімді пайдалану арқылы жұмыс жедел әрі сапалы орындалуда.

Жалпы, станцияға келген пойыздарға техникалық және коммерциялық бағыттарда қызмет көрсетіледі десек, екі ел шекарасы түйіскен тұстағы мекемеде қазақ-өзбек теміржолшылары тізе қоса еңбек етеді. Яғни күн сайын таңертең көрші елден арнайы вагонмен мамандар келіп, пойыздарды қабылдап, тапсырып жатады. Ал олардың ел теміржолшыларымен бірлесе жұмыс істеуіне барынша жағдай жасалған.

Қазіргі кезде Нұрлан Мәдіқұллы жетекшілік ететін станциядан Әзбекстан бағытына қарай шығарылып жатқан жүк құрамының басым бөлігін контейнерлік тасымал құрап отыр екен. Пойыздарды өңдеу көрсеткіші жоғары екінші класты станцияда бүгінде 250-ге жуық теміржолшы еңбек етеді. Сәтті үйлестірілген еңбек ырғағын сақталуы нәтижесінде бір мезетте 4 пойызды қабылдап, өңдеу мүмкіндігіне ие.

КЕМШІЛІКТІҢ ҮЛКЕН-КІШІСІ БОЛМАЙДЫ



КӨКЕЙКЕСТІ

Темір жолда қозғалыс қауіпсіздігі ең маңызды мәселе. Соған сәйкес өңірлердегі қауіпсіздік ревизорлары жұмысының негізгі бағыты – қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қауіп-қатердің алдын алу болып саналады.

Қосыйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Алайда, жүк және жолаушы тасымалын жүзеге асыратын салада қауіпсіздік әркез сақтала бермейтіні де жасырын емес. Олардың себептері де әртүрлі. Атыраудың бас ревизоры Жәнібек Көбеевтің айтуынша, аймақ теміржолындағы қауіпсіздіктің сақталуы мен қамтамасыз етілуі ревизорлық аппарат мамандарының тікелей назарында және басты міндеті болып табылады.

– Біз қашан да келеңсіздіктердің алдын алып, оны болдырмауға жұмыс істейміз. Биылғы 9 айда аймақтағы барлық теміржол мекемелерінде қозғалыс қауіпсіздігі бойынша 64 кемшілік: 7 оқиға және 57 инцидент анықталды. Соның ішінде Атырау ЖТ мен НЖС бойынша қозғалыс қауіпсіздігін бұзудың 7 жағдайы орын алды. Құлсары станциясында маневр кезінде, Атырау, Құлсары станцияларында вагон рельстен шығып кеткен оқиға тіркелді. Бұл жерде машинистер мен пойыз құрастырушылардың, жолшылардың да қателігі бар. Кемшіліктер тексеріліп, жауаптыларға тиісті шаралар қолданылды. Сондай-ақ вагон тегежішінің реттелмеуі, қуаттандыру блогының істен шығуы, жол кедергісінен пойыз-



дың кешігуі сынды жағдайлар орын алды. Сондықтан әрбір маман, әрбір теміржолшы қозғалыс қауіпсіздігіне баса мән беріп, өте сақ болуы керек, – дейді ол. Бас ревизордың мәліметіне сәйкес биылғы жылдың 9 айында аймақ теміржолында 446 тексеру жүргізілген, оның ішінде кездейсоқ 93, мақсатты 385, түнгі 18 тексеру болған. Нәтижесінде 4922 кемшілік анықталды. Олардың көбі жылжымалы құрам мен техникалық құралдарды күтіп-ұстау мен пайдалану (60,5%), еңбек өндірісінің технологиялық талаптарының сақталмауы (31,7%), құжаттамаларды, аттестацияны жүргізудегі кемшіліктер, т.б. Бірақ, кемшіліктің үлкен-кішісі болмайды, кейде елеусіз кемшілік-

тің кедергісі атан түйеге жүк болуы әбден мүмкін. Вагондардан ақау табылса, оларды қайта жөндегенше құрамнан алып тастау, жол мен бағыттамалы бұрмалар сапасы талапқа сай болмаса, шектеу қою немесе жөндеп болғанша мүлдем тоқтату талабы қойылады. Құралдар мен қондырғыларға да осындай қатаң шаралар қолданылып жүр. Сонымен қатар мал басу оқиғасы да өзекті болып тұр. Есепті мерзімде 35 оқиға тіркелген.

– Бүгінде өңірде жолды күрделі жөндеу жұмыстары жақсы жүрді, бүгінде жолдың 80 пайызы темірбетон ішалдарға, жаңа рельстерге ауыстырылған. Нәтижесінде жылдамдық артып, Талығойыздары сағатына 120-

140 шақырыммен жүретін болды. Бірақ жол бойында бұрынғыдай мал көп жүреді. Әсіресе Атырау – Махамбет, Махамбет – Қызылжар, Бақсай – Аққыстау, Құлсары – Шоқпартоғай, Жантерек – Мұқыр – Сағыз, Ганюшкино – Атырау аралықтары қауіпті саналады. Халыққа мал ұстама деп айтуға болмайды, бірақ малға бағым керек. Бұл мәселелерді жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдарының қарым-қатынасынсыз атқару мүмкін емес. Соған орай аудан әкімдеріне малды теміржол бойына жаймау, бақташы қою, мал иелеріне ескерту жұмыстарын жүргізу жөнінде талай хаттар жазылып жатыр, кездесулер өтуде, бірақ нәтиже көңіл көншітерліктей емес. 9 айда жол бойындағы малдың кесірінен жүріп келе жатқан пойызды 46 шұғыл тоқтату орын алған, – деді бас ревизор.

Айтуынша, өңірдегі ауа райының ерекшелігі, табиғи құбылыстар да теміржолға кері әсерін тигізетін жағдай болады. Мысалы теміржолды құм басып қалу – аймақтағы басты проблеманың бірі. Әсіресе Қиғаш – Атырау, 14,15, Исатай, Нарын бекеттерінде жолды тұзды топырақ, құм басады, сосын жаңбыр суымен араласып, суықта тас болып қатып қалады. Ол пойыздардың жүруіне кедергі келтіріп, жолшылар өз күштерімен тазалайды, бірақ табиғатқа қарсы тұру мүмкін бе, бүгін аршыған жерді ертең қайта құм басады. Сондықтан жолға құм өткізбейтін ағаштар, сексеуіл, жығылғы егу жұмыстарын жүргізу қарастырылып отыр екен.

Суретті түсірген автор

СОЗДАТЬ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ СООБЩЕСТВО ЭКОНОМИСТОВ



ФОРУМ

Более 60 работников экономических служб национального перевозчика приняли участие в первой Корпоративной программе развития работников экономической службы КТЖ, которая состоялась в столице.



Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

Главная цель масштабного мероприятия – развитие профессиональных и личностно-деловых компетенций, повышение уровня личной и командной эффективности и создание профессионального сообщества экономистов.

В течение двух насыщенных дней сотрудники дочерних организаций, филиалов и Центрального аппарата компании проходили обучение по теме «Повышение профессиональных компетенций, личная и командная эффективность», а также участвовали в тимбилдинге, интеллектуальных играх,

улучшали взаимодействие и обменивались опытом.

– Проведение Форума экономистов направлено на повышение компетенций работников экономических служб группы компаний АО «НК «КТЖ», экономических знаний сотрудников, а также обмена опытом. Данное мероприятие получило поддержку со стороны всех участников. В связи с чем планируем, что форум станет ежегодным. Надеемся, что он станет эффективной площадкой для обсуждения наиболее актуальных вопросов, повышения квалификации, выработки единой практики по конкретным вопросам, – отметил один из главных организаторов мероприятия, директор департамента экономики и

планирования АО «НК «КТЖ» Асхат Какимов.

